

**Қарқаралы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі IV сессиясының "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" № 4/36 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 2014 жылғы 24 шілдедегі ХХХ сессиясының № 30/256 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 тамызда № 2714 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 мамырдағы № VIII-22/165 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 16.05.2024 № VIII-22/165 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 1997 жылғы 16 сәуірдегі " Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 " Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі IV сессиясының № 4/36 "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-13-121 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 мамырдағы № 39-40 (11059) "Қарқаралы " газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Қағиданың 2-тармағының 4) тармақшасында ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісіне ауыстырылсын;

2) Қағиданың 2-тармағының 5) тармақшасы алынып тасталсын;

3) Қағиданың 18-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"18. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету ережесінің 4-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады."

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы

Р. Әлин  
Р. Смағұлов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарқаралы ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

*Б. Жұманбаев*

24 шілде 2014 жыл

"Қарқаралы ауданының экономика  
және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

*Б. Берниязов*

24 шілде 2014 жыл